



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

труда. Данные социальные процессы способствует переизбытку специалистов различного профиля, которые по факту получения образования являются невостребованными. Такая ситуация выступает причиной трудовой деятельности специалистов не по специальности полученной в учебном заведении.

Список использованных источников

1. Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре: пер. с нем. / Общ. ред. и предисл. А. Ф. Зотова; Сост. А. П. Полякова, М. М. Беляева; Подгот. текста и прим. Р. К. Медведевой. – М.: Республика, 1998. – 413 с.
2. Маслоу А. / Абрахам Маслоу; пер. с англ.: Т. Гутман, Н. Мухина. - 3-е изд. - Санкт-Петербург: Питер, 2011. - 351 с.
3. Врум, В. Труд и мотивация / В. Врум – М.: Наука, 1964. – 455 с.
4. Здравомыслов А. Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Политиздат, 1986. – 223 с.
5. Головаха Е. И. Жизненная перспектива и профессиональное самоопределение молодежи. – Киев: Изд-во «Наукова думка», 1988. – 144 с.
6. Макаров В. А. Современная российская молодежь на рынке труда: мотивационный анализ. – Ростов-на-Дону: Антей, 2008. – 136 с.

ӘОЖ 159.9

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мажитова Гүлзат, Базарбай Алтын., Алдатаева Лаура

guzi2796@gmail.com; altynsb@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Психология» мамандығының 3-курс студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ерментаева А.Р.

Құндылықты зерттеу мәселесі және жастардың болашаққа деген көзқарасы, олардың идеялары осы күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Өмірдің саясаттағы, экономикадағы және рухани өрістегі негізгі өзгерістері адамдардың құндылық бағдарлары мен іс-әрекеттеріне түбегейлі өзгерістер әкеледі.

Бүгінгі таңда құндылықтардың табиғаты және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе көптеген осыған дейінгі қарастырылған адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастар және басқа проблемалармен тікелей байланысты.

«Құндылық бағдары» терминін алғаш рет АҚШ-қа қоныс аударған поляк шаруаларының өмірлік көзқарасын зерттеу үшін 20-жылдары У. Томас қолданған.

Құндылық бағдарын қараған кезде «құндылық» түсінігін жоғарғы ғылыми деңгейде қарау керек.

Адам қызметінің алуан түрлеріне қарай, құндылық – мейірімділік пен жамандық, шындық пен жалған, әдемілік пен сүйкімсіздік, істеуге болады және болмайды деген негіздерде бағаланады.

Ш. Шварц құндылықты транс-ситуациялық мақсат пен ықылас деп анықтйды, адамның өміріне жол сілтеуге көмек болатын маңызға ие қызметтің түрі ретінде де қарастырады. Ш. Шварц пен У. Билски құндылықтардың келесі ерекшеліктерін атап өтеді:

1. Құндылық – ұғым мен сенім.
2. Құндылық мақсаттың соңында қол жеткізілетін жағдай мен мінез-құлыққа қатысты болады.
3. Құндылықтар ситуациядан тыс сипатқа ие.
4. Құндылықтар адамның таңдауы мен бағалауын, мінез-құлығы мен болып жатқан жағдайларын басқарып отырады.

5. Құндылықтар салыстырмалы түрдегі маңызы бойынша реттелген болып келеді.

Ш. Шварц пен У. Билски аталған құндылықтық ерекшеліктердің адамзат тіршілігіне мән-мағына беруі үшін адами қажеттіліктердің 3 әмбебап түрін көрсетеді: 1. Индивидтің биологиялық организм ретіндегі қажеттіліктерін қанағаттандыру. 2. Әлеуметтік әрекеттесуді үйлестіру қажеттілігін қанағаттандыру. 3. Топтардың өмірлік және әл-ауқатының қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Ш. Шварц пен У. Билскидің пікірінше, осы әмбебап қажеттіліктерді қанағаттандыратын 4 топқа кіретін 10 құндылыққа бөледі. Әр құндылық адам үшін «мотивациялық мақсат». Осы «мотивациялық мақсат» адам әрекетіне, өмір салтына, өмірлік стратегиясын құруына ықпал етеді.

Ш. Шварц құндылық мәселесін толық зерттегеннен кейін испаниялық әлеуметтанушы Мария Рос және израильдік психолог Ш. Суркиспен құндылықтарға байланысты қосымша зерттеулер жүргізеді.

Ш. Шварц көзқарасы бойынша қауіпсіздік пен универсализм құндылықтары жеке және әлеуметтік құндылықтар болып табылады. Жеке деңгейде «билік», «табыс (жетістік)», «геодонизм», «стимуляция», «дербестілік» индивидуалды мүдделер үшін қызмет етсе, «мейірімділік», «дәстүр», «конформдылық» секілді құндылықтар коллективті мүдделер үшін қызмет етеді. Ш. Шварц бір категориядағы немесе бір мамандықтың адамдары ұқсас құндылықтарды ұстанатындығын айтады.

Н. Койвулла мен М. Веркасало жеке адамның құндылығы өзгеше болуы мүмкін, бірақ бұл құндылықтар адам өмір сүріп отырған уақыттың қоғамдық құндылықтарын қамтып көрсетеді, адамдардың әрекеттерін түсінуге мүмкіндік беретіндігін атайды.

«Құндылық» ұғымының мазмұнынан ғалымдар: С.Ф.Анисимов, А.Г.Здравомыслов, М.С. Каган, В.П. Тугаринов, В.А. Ядов, т.б. қоғамдық сананың барлық түрлерінің мынадай белгілерін айқындайды: маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі, анық мақсатқа ие болуы.

В.Т. Тугаринов адамдар нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықтайды. Ол-зат, табиғат құбылыстары, қоғамдық үрдістер, адамның іс-әрекеттері, мәдени құбылыстары болуы мүмкін.

А.Г.Здравомыслов құндылықтардың әлемін адамдардың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, жалпы айтқанда рухани мәдениеті деп біледі.

Сонымен, ғылыми әдебиеттер сараптамасы құндылықты психологияда, философияда, әлеуметтануда, педагогикада қолданады.

М.Г. Казакинаның анықтамасы бойынша: «құндылық» - бұл сыртқы құбылыс (зат, құбылыс, іс-әрекет), сананың дәлелі (идеал, бейне, ғылыми концепция) құндылық – бұл, біз баға беретін объект».

Міндетті түрде көретін келесі мәселе – бұл, құндылық жіктемесі. Оның қажеттілігі құндылықтың шекарасын анықтау болып табылады. Осыған сәйкес, әлеуметтанушылар құндылықты бөлудің нормасы мен ретін қастырады – құндылық-нормасы, құндылық-идеалы, құндылық – мақсаты, құндылық – көзі және т.б. Зерттеушілер В.Брожек, М. Рокич, А. Ядов құндылықты терминалды және инструменталды деп бөледі. Біріншісіне құндылық – мақсаты жатады. Екіншісіне құндылық – көзі жатады. Н.Лапин аталған классификацияларды одан әрі дамытты. Мәселен, терминалды және инструменталды құндылықтардан бөлек, ол дәстүрлі, заманауи және адамзатқа ортақ құндылықтарды атады.

Н.И. Лапин өзінің зерттеулерінде құндылықтардың құрылымын халықтың тарапынан қолдауына байланысты бөледі. Жоғары статусты құндылықтар немесе интеграциялаушы құндылықтар. Бұл құндылықтар адамдардың санасында басымдыққа ие.

Терминалды құндылықсапасына В. А. Ядов мыналарды жатқызады: шығармашылық махаббат, еркіндік, әдемілік, таным, ақыл-ой, жұмыс, достар, жанұя, белсенді өмір сүру, өз-өзіне сену, өзіндік қабілет, денсаулық, қоғамдық жауапкершілік, бейбітшілік.

Инструменталды құндылықтың сапасыкөтеріңкі көңіл-күй, тапқырлық, тәрбиелік, шыдамдылық, шыншылдық, ой өрістің кеңдігі, жоғары талғам, бақылау, жауапкершілік, ұқыптылық, шешім қабылдаушылық, нақтылық, оның құралы болып табылады.

В.П. Тугаринов құндылықтың бірінші топтасмасын белгілейді: өмір құндылығы (өмір, денсаулық, өмір қуанышы, адамдармен қарым-қатына); мәдени құндылық, материалдық (техника, тұрғын үй, тамақ, киім); саяси-әлеуметтік (шыншылдық, бейбітшілік, қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, адамгершілік) және рухани құндылық (білім, ғылым, өнер) болып келеді.

С.Ф. Анисимов көзқарасы бойынша құндылық жіктемелерінің топтары: тұрмыстық жоғарғы құндылықтары – адам және адамзат; адамдардың материалдық өміріндегі құндылық, әлеуметтік құндылық; қоғамның рухани өміріндегі құндылық.

Құндылықтарды және құндылық бағдарларды зерттеуге арналған кең таралған теориялардың бірі М.Рокич концепциясы. Рокич (1973) «құндылық» түсінігінің нақты анықтамасын ұсынып және қолданысқа ыңғайлы құрал ойлап шығарды, осы арқылы ол психологтардың арасында құндылыққа деген жанданған қызығушылықты оятты. Соңғы онжылдықта көптеген осы мәселені зерттеушілер Рокич концепциясына сүйенеді. Рокичтың теориясында құндылықтар ұғымында индивидуалды пікірлер жүйесіндегі орталық күйі бар пікірлер (beliefs) түрлері түсіндіріледі. Құндылықтар өз алдына өмірдің басқарушы принциптерін білдіреді. Олар, өзін қалай ұстау керектігін, дұрыс өмір сүру қалпы және жағдайын, тұрарлық па тұрарлық емес пе екендігін, оған сәйкес болып және оларға талпыну керек екендігін анықтайды (Rokeach, 1973).

Рокичтың адам құндылықтарының концепциясы келесі постулаттарды қарастырады:

- құндылықтардың ортақ саны көп емес;
- барлық адамдардың құндылықтары бір, бірақ олардың әрқайсысы әркім үшін әр түрлі «салмақта»;
- құндылықтар жүйе бойынша ұйымдастырылған;
- адам құндылықтарының бастауы мәдениетте, қоғамда, қоғамдық институтта және адамның өз тұлғасында бақыланады;

Тұлғаның құндылық бағдарларының қалыптасуы мен дамуына ішкі және сыртқы факторлардың бірқатары ықпал етеді.

Сыртқы факторларға микро ортаның (топқа мүшелілік, референттік топтар мен олардың құндылықтары) және макро орталар (дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтардың жүйесі, әлеуметтік рөлдердің, масса-медиа құралы, әлеуметтік институттар және т.б.)⁷

Ішкі факторларға жас, жыныс, темперамент ерекшеліктері, нышандар, қабілет, жетекші ішкі субъективті қажеттіліктер, өзіндік даму дәрежесі (Райе, 2000).

Бұл шағын эксперименттік зерттеуде әлеуметтану мамандығында оқитын студенттер мен IT мамандығында оқитын студенттердің құндылық бағдарларының ерекшеліктерін анықтауды мақсат болды.

Әр мамандық бойынша 9 адамнан таңдау тобында 18 студент сыналуды болды.

Эксперименттік зерттеуде Шварцтың тұлғалық құндылықтарды зерттеу әдісі қолданылып, алынған нәтижелерді мамандық бойынша салыстыру үшін t-Студент критерийі алынды.

Болашақ IT мамандары мен болашақ әлеуметтанушылардың құндылық бағдарларын салыстырамыз (-кесте).

1-кесте. Болашақ IT мамандары мен болашақ әлеуметтанушылардың құндылық бағдарларының орташа мәндері

Құндылық бағдарлар	Болашақ IT мамандары	Болашақ әлеуметтанушылар	T-критерийі	P*
Конформдылық	2,9	3,5	1,53	0,146
Дәстүрлілік	2,1	2,5	0,941	0,361
Мейірімділік	3,9	4,5	1,38	0,184
Универсалдылық	2,7	3,4	1,186	0,253
Дербестік	4,4	5,2	2,6	0,019
Стимуляция	3	4,5	3,3	0,04
Гедонизм	3,2	3,9	0,908	0,377

Табыстылық	3,9	5,1	2,9	0,010
Билік	2,2	3,2	1,8	0,094
Қауіпсіздік	3,6	3,8	0,38	0,709

Шартты мән: * p (мәнділік деңгейі) $< 0,05$

Кестеден байқағанымыздай болашақ ІТ мамандары мен болашақ әлеуметтанушылардың құндылық бағдарларында дербестілік, стимуляция және табыстылық параметрлері бойынша ерекше мәнді айырмашылықтар байқалды. Бұл көрсеткіштер қандай болмасын маман қызметінде кәсіби маңызға ие қасиеттерді сипаттайды. Сондықтан, эксперименттен алынған мәліметтерден келешекте болашақ ІТ мамандарымен арнайы психологиялық іс-шара ұйымдастырудың қажеттігі көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности. М.: Речь, 2004.
2. Психоголос. Энциклопедия практической психологии // Формирование жизненных ценностей. - http://www.psychologos.ru/articles/view/formirovanie_zhiznennyh_cennostey 23.05.3013
3. Яницкий М.С. Ценностные ориентации личности как динамическая система. - http://www.psychology.vuzlib.org/txt-books_1.html

ӘОЖ 159.88.2

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЛИДЕРЛІК МӘСЕЛЕСІ

Маратова Айгерім Маратқызы

aigerim-1995@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Айтышева А.М.

Лидерлік мәселесі көптеген жылдар бойы орталық назарда жүрген сұрақтардың бірі болып табылады. Ол мәселені философтар, тарихшылар, саясаттанушылар да зерттеуде. Алайда «лидер» мәселесін әлемдік деңгейде психологтар көп қарастырған. «Лидер» мәселесіне қазіргі таңға дейін еңбектердің көп болуынан, олардың ішіндегі ақпарат нақты болып табылмайды. Бұл мәселені 1920 жылдардан бастап қарастыра бастайды. «Лидер» мәселесін толықтай ашу үшін, ол түсініктің пайда болу тарихына үңілуіміз қажет.

Шетелдік психологияны алып қарастыратын болсақ, ХІХ ғасырмен байланысқан хронологиясы және мазмұны бойынша үлкен бес периодқа бөлінеді. Сол себепті кейбір еңбектерде ХІХ ғасырды «лидерлік ғасыр» деп те атайды.

1. ХХ ғ. дейін;
2. ХХ ғ. бірінші жартысы;
3. 1920 ж. соңы – ХХ ғ. ортасы;
4. 1950 - 1970 ж.
5. ХХ ғ. және ХХІ ғ. соңы [1].

Әлеуметтік кеңес психологиясында лидерлік мәселесін қарастыру тарихы мазмұны мен хронологиясы жағынан да өзгеше болып келеді:

1. ХХ ғ. дейін;
2. ХХ ғ. басы;
3. 1920 - 1930 жылдар;
4. 1960 ж. ортасы - 1980 ж. ортасы;
5. 1980 ж. ортасы және қазіргі заман;